

«Қазақтың шаруасына, бір жатқан, надандығынан кемшілік келгенде, екінші жақтан — білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді», — деп қазақтың намысын қамшылай түседі де осы тығырықтан шығар жолды көрсетеді: «Бұл заманда қолы жетпегенді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер, білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік» [1; 254].

Біз тарихтан тағылым ала отырып, осы мақала барысында А.Байтұрсынұлының көсемсөзін бүгінгі тәуелсіздік кезең тұрғысынан жан-жақты қарастыруға тырыстық. Ғалым дүниежүзілік және орыс әдебиеттану ғылымындағы жаңалықтардың бәрін жетік біліп, оны өз тәжірибесінде қолданып, насихаттады. Сонымен қатар ол ғылыми-теориялық ой-пікірлерін шашыратпай, белгілі бір арнаға бағыттап, жүйелей отырып, дамытты.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуда. XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ашып, ұлттық білім берудің негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршең мақалаларын қалдырды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. — 464 б.
2. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. — 464 б.
3. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1976. – 136-б.
4. Әуезов М. Ақанның елу жылдық тойы // Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 17-б.
5. Дулатов М. Шығармалар. – Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
6. Дулатов М. Тіл-құрал. – Алматы: Жазушы, 1991. – 267-б.
7. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері. – 1989. – № 4. – 8-б.

### **А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ РЕФОРМАТОРЫ**

*Қасенов Д.Б.,  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ магистранты  
Ғылыми кеңесші: Асанов К.Д,  
Фил. ғ. д., профессоры  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ  
Қарағанды қ., Қазақстан*

XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі – мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың негізін қалаушы, XX ғасыр басындағы қазақ жазуының реформаторы, ағартушы А.Байтұрсынұлы болды. Ол көрнекті ақын, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту үшін күрескен, қазақ тіл білімінде өз қолтаңбасын қалдырған тұлға, тіл ғылымы негізін салған тіл зерттеушісі, қазақ поэзиясын теориялық тұрғыдан тануда жүйелеп ізге салған теоретик-ғалым, халыққа білім беру саласында еңбек сіңірген педагог-ұстаз болды..

А.Байтұрсынұлы 1895 жылы Орынбордағы төрт жылдық мұғалімдер мектебін бітірген соң 1895–1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады.

1905 жылы жазылған Қарқаралы петициясы авторларының бірі ретінде жандармдық бақылауға алынды. 1909 жылы 1 шілдеде губернатор бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Көп кешікпей Ішкі істер министрлігі Ерекше Кеңесі шешімімен Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін тұрды. Осы қалада 1913-18 жж. сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, қалың қазақ зиялылары қолдауымен тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарды. «Қазақ» газеті арқылы ел тарихында терең із қалдырған алаш қозғалысына тікелей араласып, саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды. Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болып, ІІ жалпықазақ съезінде Оқу-ағарту комиссиясы төрағасы болып сайланды. 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге барды. Сол жылы сәуірде оның ықпалымен Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. 1920 жылы қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласқан. 1920-21 жж. Қазақ АКСР халық ағарту комиссары қызметінде, 1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922-25 жж. Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болды. 1921-25 жж. Орынбордағы, 1926-28 ж.Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік университетінің ашығанда ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылы 2 маусымда Алаш қозғалысының 43 қайраткерлерімен бірге тұтқынға алынып, Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. 1930 жылы 4 сәуірде ату жазасына кесілді. Бұл шешім 1931 жылғы қаңтарда он жылға концлагерге ауыстырылды. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.Пешкованың көмегімен босатылып, отбасымен Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде жұмыс істейді. 1937 жылы 8 қазанда тағы да қамауға алынды; Алматы қаласында 1938 жылы 8 желтоқсанда қаза тапты.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік тынысының ашылуы, ғылымының өсіп-өркендеуі қазақ зиялыларының ағартушылық қызметімен тікелей байланыста болды. Сол тұстағы саяси өзгеріс, іс-оқиғалар мен үлкен сілкіністер әсерінен мемлекеттік істерге, саясатқа қызу араласқан зиялы қауым оқу-ағарту ісіне де белсене атсалысты. Бұл кезеңде қазақ тарихына, мәдениетіне, рухани дүниесіне мол ізін қалдырған ағартушы қайраткерлер мен ақын жазушылар, ғалымдар шоғыры жарқырап шықты. Сондай бірегей тұлғалардың бірі – А.Байтұрсынұлы да өз халқына өлшеусіз еңбек сіңірді. Ол ағартушылық қызметті қазақтың саяси тынысы мен әлеуметтік тіршілігіндегі ең қажет әрекет деп қабылдады және оқу-ағарту жұмысы туған халқына теңдік, азаттық, бостандық, өркениетті даму алып беретін біден-бір жол деп ұғынды [1, 20].

Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында А.Байтұрсынұлының орны сондай. Оның өмірбаяны, бар тірлік-тынысы, ой-арманы туған халқына деген қалтқысыз қызметтен тұрады. Оның өмірін сондықтан да жеке адамның, жеке бір маманның өмірі деп қарауға болмайды. Ол – халықпен біртұтас, ел жүгін қайыспай көтерер нағыз халық перзенті. Ғалым сол бір кездегі халқының мүшкіл халін көріп күйзеліп, оны өзге жұрттармен салыстырып, қараңғылықтан, надандықтан шығудың бірден-бір жолы – оқу, білім деп табады да, өзінің бар күш-жігерін осы жолға жұмсайды. Р.Сыздықова бұл мәселе жайлы былай деген: «А.Байтұрсынов демократтық-ағартушылық қызметті өзінің азаматтық борышы және ұстаған жолының негізі деп санаған. Ол білім-ғылымнан кенже қалған, малын бағып, марғау жатқан қазақ халқын сол қараңғылықтан, сол марғаулықтан маса болып ызыңдап оятып, алып шығуды өмірінің мақсаты етіп қояды» [2, 23].

«Ол ағартушылық қызметті мұрат тұтып, ұлттық мектептерде, жоғары оқу орындарында дәріс беру, оқу-ағарту жұмыстарын қалың жұртшылық арасына насихаттаумен қатар, жекелеген пәндерден оқу құралдарын жазудың үлгілі көшін бастаған [3, 10-11].

Ахаңның бұдан кейінгі маңызды ісінің бірі – қазақ жазуын жолға қоюы. «Айқап» журналының 1912 жылғы 9-12 сандарында жариялаған «Шаһзаман мырзаға», «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №34 және содан әрі қарайғы сандарында басылған «Жазу мәселесі» деген мақалаларында ол қазақ жазуын бір жүйеге түсіруге түбегейлі кіріскенін байқатады.

Сөйтіп, қазақ дыбыстарының табиғатын айқындап, тануы ғылымға қазақтың жаңа әліпбиін жасауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ-орыс мектептерінде де қолданыла бастады. Сөйтіп, араб әріптері негізінде лайықталған қазақ графикасы 1924 жылы ресми түрде қабылданады. Бұл – өз кезінде қазақ халқының мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен прогрессивтік құбылыс болды [4, 37].

Мектептерде оқу ана тілінде жүргізілуі үшін бұрын болмаған тың жол салынуы керек екенін Ахаң өте жақсы түсінеді. Ол өзінің алдына жүйелі мақсат, айқын бағдарлама қойып, сол бойынша өз бетінше жұмыс істеген тәрізді. Мәселен, оның бірінші мақсаты – қазақ баласының сауатын ашу болса, осыдан барып ең әуелі қазақ балаларына ана тілінде сауат ашатын әліппе жазды. Ол әліппе «Оқу құралы» деген атпен алғаш рет 1912 жылы Орынборда басылды. Бұл «Оқу құралы» 1912-1925 жылдар арасында жеті рет қайта басылып, ұзақ пайдаланылады. 1926 жылы ол әліппенің жаңа түрін жасады. Бұл осы күнгідей суреттермен жабдықталған оқулықтың үлгісі еді. Кейін мектеп оқушыларына ғана емес, ересектердің сауатын ашуға арналған «Әліп-би»-ді жазады.

Содан соң қазақ тілінің грамматикалық құрамын ана тілінде талдап беруді мақсат етіп, мектепке қазақ тілін пән ретінде оқытатын оқулық жазуға кіріседі. Оның үш бөлімнен тұратын қазақ тілінің тұңғыш «Тіл құрал» атты оқулығының фонетикаға (1915), морфологияға (1914) және синтаксиске (1916) арналған бөлімдері жарық көрді. Ол кітаптары 1928 жылға дейін өңделіп, алты-жеті рет қайта басылды. «Тіл құрал» оқулығы қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеген ғылыми жұмыстың басы болды. «Тіл құрал» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған құбылыс. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін де ескертеді. Кітабының «Сөз басында: «Тіл құрал» деген ат қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын», – дейді [5, 142].

Тілді дұрыс жұмсай білу тәртібіне байланысты ойға қалады да, тілші ғалымның келесі бір еңбегі «Тіл жұмсар» деген атпен екі кітап болып 1928 жылы Қызылорда қаласында басылды. Оқытудың методикасын жасау мақсатында «Баяншыны» береді. Кезінде әлденеше басылуының өзі бұл еңбектердің зәрулігі мен бағасының қаншалықты дәрежеде болғанын аңғартса керек.

А.Байтұрсынұлының араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабылдаған. Себебі, А.Байтұрсынұлының реформасы қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған болатын.

А.Байтұрсынұлы 1927-28 жылдары «Жаңа мектеп» журналына оқыту әдістемесін сөз ететін бірнеше мақалаларын жариялады. Ол қазақ тілінің табиғатын, құрылымдық жүйе – заңдылықтарын зерттеуде орыс тілі ғылымының тәжірибелерін басшылыққа алды. Қазіргі грамматикаларындағы тілдік терминдерді жасады.

Т.Қордабаев А.Байтұрсынұлы жайлы: «Басқа ғылымдар мен рухани өмірдегі сияқты ақтандақтар қазақ тіл білімінде де күні кешеге дейін орын алып келеді. Ғылымымыздың қалыптасу даму тарихына арналған зерттеулерде шындықты айтуға тыйым салынғандықтан, қазақ тіл білімі қалыптасуының ширек ғасырдан астам уақыт жауып тасталды. Міндет – ғылым мен мәдениет саласындағы қайраткеріміздің бір кезде жабылған пәле-жаладан ақталып, қатарға қосылғанына шын көңілмен ризалық білдіре отырып, еңбегін әділ бағалау керек», – деді [6, 2]. «Сонымен, қазақ тілі ғылымының негізіне жататын салаларды түгел қамтып, олардың терминдерін байырғы сөздеріміздің

негізінде қалыптастырып, алғаш рет баяндап берген – А.Байтұрсынұлы. Жоғарыдағы пікірлердің негізінде, А.Байтұрсынұлы қазақ тіл ғылымының негізін салушылардың бірі емес, өзі деп танымыз» [7, 4].

А.Байтұрсынұлы қазақ ғылымына жасаған қызметі тек тіл білімі саласында емес, әдебиеттану саласында, этнография, тарих мәселелерімен де шұғылданғанын айта кету шарт. Ол, біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, ерекше із салған жаңашыл ағартушы. Екіншіден, ғалым – араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Оның әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол жасаған жаңа жазу күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді: Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі қазақ бауырларымыз сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады. Үшіншіден, ол – қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым және Қазақстан ғылымын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі. Төртіншіден, ол – қазақ халқына, үкіметке, қоғамға адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері [8, 4].

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің ғана емес, әдебиеттану ғылымының да негізін салушы. Ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиеті, ертегі-аңыздары, эпостық жырлары, шешендік сөздері, мақал-мәтелдері мен жоқтау өлеңдерін жинап, бірқатарын бастырып шығарды. Бұл жұмыспен 1895 жылдан бастап айналысқан. Бұған «Тургайская газетінің» беттерінде бастырған «Киргизские приметы и пословицы» деген мақаласы куә.

Ахмет 1923 жылы қазақтың эпостық жырының бірі «Ер Сайынды», 1926 жылы қазақ халқының жоқтау өлеңдерін (23) бастырғаны белгілі.

Ғалымның тіл білімі бойынша еңбегі өз кезінде-ақ жоғары бағаланған. Уәли Нұргелді «А.Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы» деген мақаласында: «А.Байтұрсынұлы түзген әліпбиді сол кезеңдегі фонологиялық мектебінің аға буын өкілдері, әлемдік лингвистиканың көшбасшылары болған Е.Д.Поливанов, Н.Ф.Яковлев тәрізді көрнекті фонологтар аса жоғары бағалады. Түркітанушы К.К.Юдахин мен А.М.Сухотин латын жазуына көшкенше қырғыз халқының А.Байтұрсынұлы әліпбиін сол күйінде қолданғанын атап айтады. Мұның өзі ол әліпбидің ұлтаралық мәртебесін көрсетпекші», – дейді [8, 279].

Ғалым С.Жанболат: «А.Байтұрсынұлының қазақ алфавиті Қытайда тұратын қазақтардың қызу қолдауына жолыққан...». Бұл айтылған ойдың дәлелі ретінде, 1924 жылы Орынборда өткізілген қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезі ресми қабылдаған А.Байтұрсынұлының қазақ алфавиті Қытайда тұратын қазақтарға онды да күшті дүмпу жасаған, оны «жаңа әліпби», «жаңа емле», «Байтұрсын емлесі», «А.Байтұрсынұлы әліппесі» деген аттармен Қытайға тез жетуінен, 1925-1926 жылдарда Құлқа, Шәуешек, Сарысүмбезе, Үрімшіде көзі ашық зиялылардың үйренгенінен байқауға болады. Он жыл өткен соң, бұл әліппе айтылған қалаларда жаппай ашылған мұғалімдер курстарында ресми сабақ ретінде оқытылды», – дейді [8, 216].

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің фонетикасы мен емлесі туралы ой-тұжырымдарын жинақтай келе, ғалымның қазақ тілінің табиғатын, дыбыстық ерекшелігін дөп басып анықтағанын көреміз. Қазақ тілінің төл грамматикасын ана тілінде жазып, бұрын-соңды болмаған дәрежеде қазақ тіл білімінің ғылыми терминологиясын қалыптастырған қазақтың біртуар ұлы, ғалым А.Байтұрсынұлы үш бөлімнен тұратын «Тіл – құралымен» қазақ тілінің грамматикасының ғылыми негізделуі дәрежесін аз уақыттың ішінде өзінен көп ғасырлар бұрын бастау алып, дамыған, ғылыми тұрғыдан кемелденген басқа тілдер грамматикаларының деңгейіне жеткізеді [8, 363-364].

Ғалымның тіл білімі бойынша тұжырымдарын жинақтай айтсақ, А.Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі дыбыстарды таңбалауда 24 әріп жетеді деп есептеді. Себебі, дауысты дыбыстардың жіңішке айтылатын түрлері жеке таңбаланбаған, олардың мағынасын білдіру үшін дәйекше қолдану жеткілікті деп есептеген және һ, х дыбыстарына жеке таңба бермеген. Қазіргі кезде «У» таңбасымен белгіленіп жүрген дауыссыз дыбысты дауыстылар тобына жатқызғанымен, жіктеу үстінде дауыстылардан бөліп алып, жарты

дауыстылардың қатарына қосады. Ұяң дауыссыздарды жалғау, жұрнақтардың ауысуына қарай, әрі сөз соңында келмейтініне байланысты ымыралы, ымырасыз деп жіктейді. Қ-К, Ғ-Г дауыссыз дыбыстарын акустикалық жағынан да, артикуляциялық жағынан да өзгешеліктері болуына байланысты, жеке фонема ретінде танып, олардың әрқайсысына таңба арнайды. Тіліміздің сингармонизм заңдылығын ескере отырып, дауысты дыбыстардың құрамын дұрыс анықтаған. Дауыстыларды жуан-жіңішке, еріндік-езулік деп топтастырған [9, 9]. Дауыстыларды жақтың қатысуына қарай 3 деңгейде топтастырды. Дауыстыларды: «ауыздың ашылуына қарай бірінші дәрежелі ашық (а, ә); екінші дәрежелі ашық (е, о, ө); үшінші дәрежелі немесе тұйық дауыстылар (ы, і, и, ұ, ү, у)», – деп бөлді [10, 395-399].

Енді, А. Байтұрсынұлының грамматикалық зерттеулеріне назар аударалық. Ол барлық сөз таптарын зерттеген. Сан есімдерді арнайы сөз еткен. Еңбегінде сан есімді төртке бөлген. Демек сан есімнің осы топтасуы ғалым еңбектерінен бастау алған. «Тіл құралда»: «Неше? Қанша? деген сұрауға жауап болатын хәм нәрсенің санын көрсететін сөздерді сан есім дейміз» [5, 163], – деп, мысалдар келтіреді. Есімдіктерді де арнайы қарастырып, есімдіктің бес түрін (жіктеу, сілтеу, сұрау, шектеу, танықтау) көрсетеді.

Қай сөз табына жалғауына байланысты зат есімнен туған сөздер, сын есімнен туған сөздер, сан есімнен туған сөздер, етістіктен туған сөздер деп топтастырады. Және сөз жасау мәселесін, олардың тұлғаларын, жұрнақтарын әрбір сөз табының соңында қараған. Нақты сөз табынан жасалған жаңа сөздерді басқа сөз таптарына бөлмеген, мысалы, зат есімнен туған сөздер: зат есім, сын есім, етістік, үстеулер; сын есімнен туған сөздер: сарылау, ақ-шыл, жақсы-лық, жақсы-ла, ағ-ар, жақсы-сын [5, 218]. Морфемдік құрылымды: а) түбір сөз; ә) туынды сөз; б) қос сөз; в) қосалқы сөз; г) қосымша деп топтастырады.

Осы орайда ерекше атап өтерлік жай – халқымыздың образды ойлау мүмкіндігі мен шешендігіне сүйеніп, А.Байтұрсынұлы жасаған қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жасаған. Олардың қалың көпшілікке түсінікті болып, осы кезге дейін қолданылып келе жатқан өміршендігінің себебі – осы анықтамалардың ішкі мазмұны мен ұлттық таным табиғаты сабақтас өрілуінде.

А.Байтұрсынұлы өзі анықтап берген тілдік ұғымның бірі – ана тіліміздің сөздік қорының даму заңдылығы мен өзіне тән құрылымын көрсететін «түбір» ұғымының атауы. Жалғауларды жай жалғау (көптеу, септеу), жақ жалғау (тәуелдеу, жіктеу) деп топтастырады. Ғалым «Тіл құралында» септіктің бес түрін көрсетеді: 1) ілік жалғау «да»; 2) барыс жалғау «ға»; 3) табыс жалғау «ды»; 4) жатыс жалғау «да»; 5) шығыс жалғау «дан» [5, 2003], – дейді. Атау, көмектес септіктерін септік құрамына қоспайды. А.Атау септікті «нольдік форма» деп таныған. Байқап қарасак, бүгінгі кездегі тілші ғалымдар нысана етіп, А.Байтұрсынұлы септеу үлгісін пайдаланады.

Тәуелдік жалғауын арнайы қарастырады. Ол «мендік» (айтушы жағы), «сендік» (тыңдаушы жағы) және «бөгделік» (айтушы мен тыңдаушы екеуінен басқалардың жағы). Жекеші-көпше түрлері мен анайы-сыпайы немесе оңаша-ортақ тәуелдеу үлгілерінің арасы айрықша саралаған. Синтаксиске қатысты да сүбелі ой қалдырды. Бір ғана мысал келтірсек, А.Байтұрсынұлы тұрлаулы мүшелер туралы былай дейді: «Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері екеу: 1) бас мүше, 2) баяншы мүше. Бас мүше дейміз – сөйлем ішіндегі сөздер байланатын қазық сөзін, сөйлем иесін... Ол нәрсенің сырын-сипатын, жайын, амалын, болмысын айтып баяндайтын сөз баяншы болады... Жеңілдік үшін бас мүше – бастауыш деп, баяншы – баяндауыш деп аталады. Мұнан былай жеңілдік үшін бас мүше, баяншы мүше деп жатпай, бастауыш, баяндауыш деп қысқа түрлерін тұтынамыз» [5, 265]. Ол тыныс белгілерінің жалпы ережелерін жасады.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынұлы – ең бірінші болып тіл біліміндегі өзекті мәселелерді ғылыми тұжырым жасаған тілтанушы ғалым.

Рәбиға Сыздықованың айтуынша, «А.Байтұрсынұлы тіл білімі саласында еңбектері үшін өз кезінде де, ішінара бүгінгі күндерде де жоғары бағаланып келді. Есімі дүние жүзі шығыстанушыларына мәлім, аса беделді түрколог академик А.Н. Кононов Қазан

төңкерісіне дейінгі отандық түркологтардың библиографиялық сөздігін жасағанда, А.Байтұрсынұлын белгілі түркологтардың қатарында көрсетеді де, оны жетілдірілген қазақ әліпбиін жасаушы, қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасын зерттеп, оқулықтарын жасаушы, қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихын зерттеуші ғалым деп танытады» [11, 3].

Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеу еңбегі әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады.

Академик З.Ахметов «Әдебиет танытқышта» қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындайтын өлең сөздің бунақ, тармақ, шумақ сынды категорияларының алғаш қалыптасқандығын атап айтады [12, 64].

«А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен көрсеткіші болуымен қатар, теориялық ой-жүйесіне мықтап түрен салған, қазақтың парасатты толғамын, ойшылдығын эстетикалық таным-білігінің молдығын танытқан кезеңдік туынды» [13, 275] екендігі еңбектің жалпы гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі бөлекше орнын білдірсе, «автордың ...ғылыми өлшем, талғам арқылы, жеке бөлшектерге, бұтақтарға, тармақтарға назар аударуы, қазіргі терминологиямен айтқанда, структуралық поэтика тұрғысынан талдау жасап, қорытындылар шығаруы; үнемі дәлдік пен деректің бірінші қатарға шығуы» [14, 51], «әр категорияның өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалуы, яғни, әр тұжырымның ішкі заңдылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденуі» [15, 26] «Әдебиет танытқыштың» ғылыми тереңдігі мен зерттеушілік стратегиясының ауқымдылығын байқатады.

Еңбектің құндылығына жан-жақты тоқтала келе әдебиет сыншысы Т.Кәкішев: «Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ. Ол – әдебиет теориясы мен әдебиеттану ғылымының міндет-парызын қатар атқарып, біздің алдыңғы ағаларымыздың эстетикалық сауатын ашуға мұрындық болған жүйелі оқулық. Ондағы анықтамалар мен терминдердің өзі күні бүгінге шейін біздің ғылыми арсеналымыздан орын алатын құнды қағидалар мен атаулар. Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын ұғындыратын «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған өміршең қондырғы-фундамент», – деп жазады [16, 210-211].

Енді ғалымның аталмыш еңбегінен бірер мысал келтіре кеткеніміз жөн. Еңбектегі сөз өнерінің мәнін көрсететін қысқа тұжырымдамада пән болмысының классикалық үлгісі жасалады: «Сөз өнері – деп жазады ғалым, - адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге». Одан әрі былайша ой қорытады: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – тую, талғау» [17, 168].

Ғалым сөйлеу жүйесінің таладй келіп, «қара сөз» бен «дарынды сөздің» нысанын айырып береді. Алғашында олардың терминдік жолын саралап, ашып алады: «Екі түрлі лебіз бар: бірі жалаң, екіншісі көрнекі болады деп жоғарыда айтылған еді. Қайсысымен сөйлесек те сөйлеу болады. Бірақ сөйлеуді негіз түріне қарай айыру қажет болған орында жалаң лебізбен айтылған сөзді ғана сөйлеу дейміз де, көрнекі лебізбен айтылған сөзді жырлау – толғау дейміз. ... «қара сөз» деген мен «сөйлеу» деген екеуінің мағынасы бір болып, «дарынды сөз» деген мен «жырлау», «толғау» дегеннің мағынасы бір болып, бірінің орнына бірі айтыла береді. Қара сөзді шығармалардың да, дарынды сөзді шығармалардың да түрлерінің өлеңдісі, өлеңсізі болады» [17, 252].

Шығарма сөздің бөліну себебін түсіндіргенде, А.Байтұрсынұлы оны ең алдымен адамның ойлау жүйесімен байланыстырады. «Ойлау екі түрлі: адам ойлағанда иә нәрсеге тиісінше ойлайды, иә көңілінің түйісінше ойлайды» [17, 253]. Тиісінше ойлауды (объективное мышления) қара сөзге тән деп, ал түйісінше ойлауды (субъективное мышления) дарынды сөздің талабына сай келетінін бірнеше қисынды мысалдар арқылы

анықтап береді. Енді осы екі ұғым жүйесі не туралы айтады дегенде, қара сөз тиіс ғалам турасындағы (объективный мир) әңгіме болады да, дарынды сөз түйіс ғалам турасындағы (субъективный мир) әңгіме болатынын көркем сөз бен жалаң сөздің қасиеттерін салыстыра отырып қорытады. Қара сөз бен дарынды сөз жүйесін функционалдық жағынан былайша жіктейді: «Қара сөз бен дарынды сөздің арасындағы парық жұмсалатын орнына, қызметіне қарай былайша айрылады: дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қара сөзден адам тек ұғым алады» [17, 255]. Бұл жерде қара сөз ұғымы тек ғылым тілдерімен шектеліп тұрмаған болса керек. Десек те, ұғымның қисыны бойынша қара сөздің жүйесі нақтылыққа алып барып ғылым тілінің талабына келеді. Алайда, бұл жерде «қара сөз» жүйесін А.Байтұрсынұлының сөз өнерінің мазмұндық негізінен таратқанын ескерсек, онда ол тек ғылым тілімен шектеле алмайтын болып шығады. Бұл енді «қара сөз» үлгілерін саралағанда айқындалатын жайт [18, 18].

Терең ойлы оқымысты ғалым, қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлы қазақ тілін ғылыми негізде, өз дәуірі тіл білімінің теория мен практикалық жетістіктерін қамтып отырып, үлкен ғылым саласы ретінде алдымен ұлтымызға, одан соң бүкіл әлемге өз тілімізді танытты. Қазақ тілінің негізін құрайтын басты салаларды қамтып, оның ішінде – дыбыстық жүйесін, морфологиясы мен синтаксисін өз тілімізде алғаш рет сипаттай отырып, көптеген теориялық мәселелердің басын ашып, терең де зерделі тұжырымдар айтты [8, 133].

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы А. Байтұрсынұлының тағы бір зор еңбегі – ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы осы ғалымдікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар. Олардың өте сәтті жасалғандығын күні бүгінге дейін қолданып келе жатқан өміршендігі дәлелдейді. Оның термин жасаудағы ұстаған негізгі принципі – қазақ тілінің өз мүмкіншіліктерін пайдалану, сонымен қатар 1912 жылдың өзінде «Айқаптың» беттеріндегі мақалаларында грамматика, фонетика, морфология деген халықаралық сөздерді қолдану оның орыс тілі арқылы келетін интернационалдық терминдерден бас тартпайтын принципінде көрсетеді. Біздің ойымызша, бұл принциптер осы күнгі терминологиямызда басты орын алып отырған бағыт-бағдар екені мәлім.

Тағы бір ескеретін нәрсе – қазақ тілінің фонетикасы мен морфологиялық тұлға-тәсілдерінің бірсыпырасын А.Байтұрсынұлы жаңаша талдап, дұрыс көрсетуі деп есептейміз. Орыс лингвистикалық мектебінен сусындап, негізін содан алғанмен, қазақ тілі грамматикасын тануда ол көп ретте тілдің типологиялық ерекшелігін ескеру принципін ұстаған.

«Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді» [19], – деп тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз.

Осыншалық мол білім иесі А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын толық зерттелді деп айтуға болмас. Ғалым өмір сүрген тұстағы саяси, тарихи ахуалды негізге ала отырып, А.Байтұрсынұлының ғалым, қайраткер т.б. ретіндегі ғылыми бейнесі әлі жан-жақты зерттелуі керек.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Байтұрсын І. Алтын бесік. – Қостанай, 1998. – 240 б.

2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы, 1990. – 51 б.
3. Әбсадықов А. А. Байтұрсынұлының әдеби мұралары. – Қостанай, 2003. – 144 б.
4. Ұлттың ұлы ұстазы: «Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-библиографиялық серия / Құрастырушы В.Қ. Күзембаева. – Алматы: Қаз. Рес. Білім және ғылым министрлігі, Орталық ғыл. кітапхана, 2001. – 305 б.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
6. Қордабаев Т. Қазақтың тұңғыш лингвист ғалымы // Қазақстан мұғалімі, 1988. – 30 декабрь.
7. Қордабаев Т. Бірі емес, өзі // Қазақстан мұғалімі, 1990. – 20 шілде.
8. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын т.б. тілдерде). – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.
9. Байтұрсынов А. Дыбыстарды жіктеу // Қазақ тілі, 1922. – № 22.).
10. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
11. Сыздықова Р. Сан қырлы саңлақ ақын // Социалистік Қазақстан, 1989. – 4 январь.
12. Ұлттың ұлы ұстазы. «Ұлы тұлғалар» сериясы. – Алматы: Комплекс, 2001. – 305 б.
13. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А., 1994.
14. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. Астана, 2003.
15. Ісімақова А. А. Байтұрсынұлы – қоғам қайраткері, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының реформаторы // А. Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. I-том. А., 2003.
16. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 264 б.
17. «Әдебиет танытқыш» (1926) // Байтұрсынұлы А. 5 томдық шығармалар жинағы. Т. 1, – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.
18. Ұ.О.Еркінбаев «А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану ғылымының контекстінде» филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, Алматы. 2007 жыл. 30 б.
19. – Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

## Т.КӘКІШҰЛЫ ЖӘНЕ АХМЕТТАНУ ІЛІМІ

*Рымғалиева А.Б.*

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 1-курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі: Смағұлов Ж.Қ.*

*фил.ғ.д., профессор  
Қарағанды қ., Қазақстан*

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ұлтының рухани көсеміне айналған тұлға. Ол - қазақ үшін ұлы Абайдан кейінгі адам. Қазақ әдебиетінде есімі елеулі, тіл білімі мен әдебиет теориясының негізін Бахтиннан бұрын салса, 1917 жылы әйел теңдігі мәселесін шешіп, қазаққа бас ақынын айқындап берген Ахаңның өмірі тек жанкештілікпен өткен. «Әлдилеп» ұйықтаған халықты масамен оятып, ғылымның шуағын шашты. Дәуірдің дана тұлғасы Ахмет ел тізгінін өзгеге ұстатпау үшін «Алаш» автономиясын ұлт көсемі Әлиханмен бірге құрып, «Қазақ» газетін жаңғыртты. Оның ерең еңбегі дәл бүгін білім мен ғылымның атасы ретінде көрініп, тарихымызды екшелегенде шығатын алыпты бір сөзбен ұлттың ұлағатты, рухани көсемі дейді. Ахметтану саласы өркен жайып, терең зерттеулер жүргізіліп, көрнекті Ахаң туралы архивтік құжаттарды, шығармаларын, биографиясын тереңнен қарастырған. Ұлттық әдебиетімізде де Ахмет Байтұрсыновтың әдеби көркем образы ашылып, міндетті тарихи көздерге кіріктірілген. Халықтың көкірек көзін ашуға